

УАҚЫТ НОРМАТИВТЕРІН БАЗАЛЫҚ ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ ӘЗІРЛЕУ.

Жоспары:

- Еңбек процестері және оларды сыныптау.
 - Еңбек процесінің құрылымы.
-

ЕҢБЕК ПРОЦЕСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ СЫНЫПТАУ.

- Өнімді жасаған кезде үнемі үш элемент қатысады: өндіріс құралы, еңбек нысаны және жұмыс күші. Өзара байланысты өнімді жасауға бағытталған осы элементтердің жиынтығы өндірістік процесс деп аталады.

Әрбір өндірістік процесс жұмысшының тікелей еңбек процессі мен онымен байланысты жұмысшының бақылауы мен басқаруымен жүргізілетін физикалық, химиялық және механикалық процестердің үйлесімін білдіреді. Бұл ретте, тікелей еңбек процессі деген жұмысшының дене және ой еңбегі бірлігінің еңбек нысанына әсер ету процесін білдіреді.

- Бұл процесс жұмысшының еңбек нысанының тікелей өзгертуіне, машинаны оңтайлы толтыруды қамтамасыз етуіне байланысты қосымша еңбек әрекеттерін орындауына, машинаны басқару және оның жұмыс механизмдерін ауыстыруға, бөлшектерді өлшеуге, технологиялық процесс барысын, қызмет көрсетілетін машиналар мен агрегаттардың жұмысын, машиналардың (агрегаттардың) жекелеген тетіктерін ретке келтіруден пайда болған процестің қалыпты барысынан ауытқуын жоюды, сондай-ақ өндірілетін еңбек өнімінің сапасынан ауытқуды байқау, басқару және бақылауға бағытталған еңбек әрекеттерін орындауынан тұрады.
- Еңбекті нормалаудың мақсаттары үшін әр түрлі еңбек процестері жіктеледі, яғни белгілі бір сипаттары бойынша бірыңғай топтарға бірігеді. Нормалау әдістеріне әсер ететін айтарлықтай маңызды сипаттары мыналар болып табылады:
 - еңбек процессін жүзеге асыруда жұмысшының қатысу сипаты;
 - кезеңділік және процестің ұзақтығы;
 - өндірісті ұйымдастыру типі (дара, ұсақ сериялы, сериялы, ірі сериялы, жалпы).

□ Еңбек процессіне жұмысшылардың қатысу сипатына қарай еңбек процессі олардың салалық ерекшелігіне қарамастан былай бөлінеді:

□

- қолмен жасалатын;
- машинамен және қолмен жасалатын;
- машинамен жасалатын;
- автоматтандырылған.

Қолмен жасалатын процестер деп қызметкерлер еңбек нысанына қосымша энергия көздерін немесе қосымша энергия көздері (электр, пневматикалық және т.б.) арқылы жұмыс істейтін қол құралдарын пайдаланбай әсер ететін процестер аталады. Мысалы, түйіндер мен бұйымдарды жинақтау, егеу, гайкаларды бұрау, молярлық кистьпен сырлау, қырып тегістеу, электр бұрғымен тесіктерді бұрғылау.

Машинамен және қолмен жасалатын процестерге еңбек нысанына технологиялық әсер ету машинаның орындаушы тетіктерінің (станоктың) көмегімен, ал еңбек нысанына қатысты құралды немесе еңбек құралына қатысты еңбек нысанын қозғауды жұмысшы өзі жүргізетін процестер жатады. Мысалы, бөлшектерді қолмен әперілетін металды кесу станогында өңдеу, тігін бұйымдарын тігін машинасында тігу және т.б.

Машиналық процестер кезінде еңбек нысаны формасының, өлшемінің және басқа да сипаттарының өзгеруі жұмысшының қол күшін пайдаланбай машина жүзеге асырады, ал жұмысшының қызметі еңбек нысанын орнату және алу, машинаның жұмысын басқаруға келіп саяды.

□ *Автоматтандырылған процестер* еңбек нысанына технологиялық әсер ету, оны орнату және алу жұмысшының қатысуынсыз орындалуымен сипатталады. Автоматтандырылу дәрежесіне байланысты жұмысшының қызметі машинаның жұмысын бақылаудан, ақаулықтарды жоюдан, ретке келтіруден, құралды ауыстырудан, еңбек нысанын орнату және алудан, машина жұмысының бағдарламасын жасаудан тұрады. Еңбек нысанына бөгелмеуі дәрежесі бойынша технологиялық процестер үздіксіз және дискреттік болып бөлінеді. Алғашқысы кезінде технологиялық процесс шикізатты толтыру, дайын өнімді беру және оны бақылау кезінде тоқтамайды. Екіншісі технологиялық процестер барысында үзілістердің болуымен сипатталады. Еңбек процестерінің барлық аталған түрлері мен олардың ерекшеліктері еңбек бөлінісі мен кооперациясы мәселелерін шешу, жұмыс орындарын ұйымдастыру, оларға қызмет көрсету, жоспарлау, еңбек нормаларын белгілеу жүйесін таңдау кезінде ескерілуге тиіс.

ЕҢБЕК ПРОЦЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.

- Еңбекті нормалау кезінде еңбек процесі операциялар мен олардың элементтеріне бөлінеді. Еңбек процесін операцияларға бөлу жұмыстарды жүргізу технологиясына, қолда бар жабдықтарға, өндіріс сипаты мен оны ұйымдастыруға, өндіріс ауқымы мен мамандануына, еңбектің механикалану дәрежесіне, оны бөлу нысандарына байланысты. *Операция деп* бір жұмыс орнында бір немесе бірнеше еңбек нысанына бір жұмысшы немесе жұмысшылар тобы орындайтын еңбек процесінің аяқталған бөлігі аталады. Операция жұмысшының еңбек нысанын өңдеу бойынша барлық жүйелі қызметін немесе келесі бұйымға немесе олардың келесі партиясына көшуге дейінгі процесті жүргізуді қамтиды.

□ Технологиялық қатынаста операциялар орнату, позиция, ауысу және өту болып бөлінеді.

Орнату - өңделетін дайындамаларды немесе жинақтау бірліктерін бекіту кезінде орындалатын технологиялық операциялардың бөлігі.

Позиция – операцияның белгілі бір бөлігін орындау үшін құралға немесе жабдықтың қозғалмайтын бөлігіне қатысты аспаппен бірлесіп бекітілген өңделетін дайындама немесе жинақталатын жинақтау бірлігі алатын белгіленген орналасу жағдайы.

Ауысу – технологиялық операцияның аяқталған бөлігі, ол өңдегенде қалыптасатын немесе жинақтау кезінде қосылатын қолданылатын құралдар мен беттердің тұрақтылығымен, белгілі бір бағыттағы механикалық процестерде жабдық жұмысы режимінің тұрақтылығымен, процесс мазмұндылығымен және физика-химиялық процестерге қатысушы компоненттер құрамының тұрақтылығымен сипатталады

Өту – құралдың дайындамаға (немесе керісінше) қатысты бір мәрте ауысуынан тұратын ауысудың қайталанатын бөлігі, оның кезінде формалардың, өлшемдердің, беттің тазалығының немесе еңбек нысаны қасиетінің өзгеруі жүргізіледі.

Операцияны орнатуға және өтуге бөлу бұйымдарды механикалық өңдеу процессіне тән (металл өңдеу, ағаш өңдеу); физика-химиялық процестер технологиялық тұрғыда өтуге ғана бөлінеді.

Операцияның, едәуір дамыған еңбек процессінің жобалану мазмұнын зерттеу үшін және оны орындау үшін еңбек шығындарын жұмсауды айқындау операцияның орнату, позиция, ауысу және өтуге бөлінуі оның еңбек қатынастары тұрғысынан бөлінуімен, яғни құрамын, бірізділігін, орындау тәсілдерін және оның құрамдас элементтерінің ұзақтығын айқындаумен толықтырылады.

Осы мақсатпен операцияны еңбек қимылы, еңбек әрекеттері, тәсілдер мен тәсілдер кешеніне бөледі.

Операцияны бөлшектеу дәрежесі талдау мен жобалаудың талап етілетін нақтылығына байланысты болады.

Еңбек қимылы – бұл адамның жұмыс атқаратын мүшесінің: қолы, аяғы және тұлғасы және т.б. бір мәрте қозғалуы.

Мысалы, «қолын құралға созу», «құралды алу» және т.б.

- Еңбек қимылдары қимыл түрлері, орындау тәсілі және нақтылығы бойынша сыныпталады. Әрбір қол еңбегі еңбек қимылдарының мынадай төрт түрінің бірізді, параллель немесе бірізді-параллель үйлесімі түрінде болады: ұстау, қозғау, демеу босату қимылдары
- Қозғалу тәсілі бойынша еңбек қимылдары бұлшық ет және ой бақылауын қажет етпейтін еркін қимылдар, олар көп рет қайталанғаннан кейін жұмыс процессінде еріксіз орындалады, екінші түрі - соңғы қимылмен алынуға тиісті заттың орналасқан жерін нақты айқындау үшін бұлшық ет және ой бақылауын қажет ететін икемдеуші қимылдар.

□ *Еңбек әрекеті* – тұрақты еңбек нысандары мен құралдарымен бір немесе бірнеше жұмысшы үзіліссіз орындайтын еңбек әрекеттерінің логикалық аяқталған жиынтығы. Еңбек әрекеті бір, екі немесе одан да көп еңбек қимылдарынан тұрады. Оған еңбек қимылдарының ұстау және қозғау түрлерінің үйлесімі тән. Мысалы, «алу» еңбек әрекеті екі еңбек қимылынан тұрады: қолды бөлшекке созу (қозғау қимылы); бөлшекті саусақтармен ұстау (ұстау қимылы).

Тәсіл – тұрақты еңбек нысандары мен еңбек құралдары кезінде орындалатын еңбек әрекеттері мен операцияның технологиялық аяқталған құрамдас бөліктерінің жиынтығы. Мысалы, «дайындаманы аспапқа орнату».

Тәсілдердің кешені – бұл не технологиялық бірізділігі бойынша, не орындау мерзіміне әсер ететін факторлардың жалпылығы бойынша біріктірілген жиынтық. Мысалы, «кескішті өлшеміне орнату», «бөлшекті аспапқа орнату және оны өңдеуден кейін алу».

Нормалау үшін тәсілдер не олардың технологиялық бірізділігі, не ұзақтығына әсер ететін факторлардың бірыңғайлығы сипаты бойынша кешендерге біріктіреді (ірілендіреді) осы тәсілдерді орындаудың бірізділігіне қатыссыз (тәсілдердің есептік кешендері).

Тест


Сұрақ номері 1 из 40 ▾

Ұпайлар саны: 1 | Барлық ұпайлар: 0 из 40

Еңбек ресурстарының ұдайы өсу процесі қандай кезеңнен тұрады

- бөлу, өндіріс, айырбастау, тұтыну
- өндіріс, бөлу
- тұтыну, айырбастау, өндіріс
- бөлу
- тұтыну, айырбастау

Жіберу

Щелкните кнопку  **Тест** для редактирования этого теста